

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

1-тарау. Антикалық философия.  
Орта ғасыр философиясы



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

## **Никомах этикасы (жазылған жылы белгісіз) Бақытқа қалай жетуге болады?**

«Никомах этикасы» философтардың ежелден үйреншікті болған сүйікті жанрында жазылған. Алайда Жаңа дәуір философы Бенедикт Спинозаның «Этика» шығармасы автордың өз атымен белгілі болса, Аристотель өз шығармасын Никомахтың құрметіне атады. Аристотельдің әдеп туралы трактат түрінде жазылған «Никомах этикасы», «Евдем этикасы» және «Үлкен этика» немесе «Үлкен мораль» деген атпен үш шығармасы белгілі, олардың бәрін бір авторға телуде бірқатар қиындықтар тууы мүмкін. Әйтсе де осы аталған шығармалардың ішінен «Никомах этикасына» жіп тағу оңай, өйткені оны Аристотельдің жазғанына ешкімнің таласы жоқ.

Керісінше, осы кезеңді зерттейтін философия мамандары басқа екі шығарманың авторлары турасында аса сенімді емес. Бұл кітаптар даңқты философтың шәкірттеріне тиесілі болуы әбден мүмкін.

Аристотель Афос тауының бөктерінде орналасқан Стагир қаласында дүниеге келген. Әкесінің дәрігер болғаны бала Аристотельдің түрлі тәжірибелер жасауға, жаратылыстану ғылымдарына деген құштарлығын оятуға септігін тигізді. 18-ге толғаннан кейін ол білім іздеп Афинаға жол тартады. Көп ұзамай сол кезде жасы алпысқа келген Платонның ең үздік шәкірті атанады. Ұлы философтан ол 20 жыл ілім үйренеді. Платон қайтыс болғаннан кейін Аристотель Асе қаласында, содан соң Македония патшасының сарайында ұстаздық қызмет атқарады. Кейінірек Афинаға оралып, Ликей мектебін ашады. Ликей өз кезінде ұстазы Платон негізін қалаған Академияға бірден-бір бәсекелес мектепке айналады. Өмірінің соңына таман құдайларға тіл тигізді деп айыпталған Аристотель Эвбея аралындағы Халкидаға қоныс аударады. Бір жыл өткен соң осы мекенде бақилық болады. Аристотель жазған деп саналатын шығармалар ежелгі дәуірде белгілі болған барлық ғылым салаларын түгел дерлік қамтиды. Философ ғылымдарды – болмыстың әртүрлі көріністерін зерттейтін теориялық, кез келген амалдың соңғы мақсаты – игілікті зерттейтін практикалық және зерттеу ауқымына поэтика, риторика көркемөнер кіретін – поэтикалық ғылымдар деп үшке бөледі. Сонымен қатар Аристотель «Категориялар», «Түсіндіру туралы», «Органон» жинағына топтастырылған бірқатар өзге де шығармаларды дүниеге әкелді.

Бұл шығармалар «логика ғылымының іргетасын қалаушы – Аристотель» деп ұйғаруға толық мүмкіндік береді. Өйткені ол алғаш рет негізгі логикалық аксиомаларды айқын тұжырымдаған болатын. Олардың арасынан силлогизмдердің жеке заңдарын бөліп алып, ұзақ дәуірлер бойы оның ең басты жетістігі саналған – дедуктивті логиканың жүйесін құрды.

XVIII ғасырда өмір сүрген немістің аса көрнекті философы Иммануил Кант: «Аристотельден соң осы уақытқа дейін логикаға еш жаңалық енгізілген жоқ», – деп атап көрсетеді. Дегенмен «Никомах этикасы» біз үшін Аристотель мен Платонның философиялық теорияларын салыстыруға мүмкіндік беретінімен құнды. «Никомах этикасы» сан алуан мәселелерді қамтитын 10 кітаптан тұрады.

## **Зерттеу саласы мен әдісі**

I кітапта зерттеу саласы, нысаны мен әдістері анықталады. Аристотельдің пікірінше адам – табиғаты тұрғысынан қоғамдық жаратылыс. Сол себепті оның өмірдегі мінез-құлқын зерттейтін негізгі ғылым саясат болуы тиіс. Мораль да осы салаға кіреді. Ғылымның бұл саласын зерттеумен шұғылданатын философтан тұрақты принциптерге негізделген дәлелдерді ұсынуын талап етудің қажеті шамалы. Ондай талаптар мәдениетсіздіктің белгісі болар еді, өйткені бұл ғылымның болмысы тым құбылмалы. Сондықтан философ өз дәуірінде билік құрып тұрған моральдық көзқарастарға сүйене отырып, дұрыс қорытынды жасай алады. Ал ондай қорытынды жасау үшін адамның білім деңгейі жоғары және ең бастысы, өмірлік тәжірибесі бай болуы керек. Сол себепті Аристотель жастарды саясат туралы өзінің дәрістерінің лайықты тыңдаушылары қатарына қоса алмайды.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

## Трактаттың нысаны

Адамның кез келген ісі мен қалауы белгілі бір игілікті көздейді. Әлбетте, көптеген игіліктердің арасындағы дұрысы адамның өмірін сәтті, табысты ететін, бір сөзбен айтқанда, бақытқа қол жеткізетін игілік екені айтпаса да түсінікті. Бірақ адамның бақытын әркім әрқилы түсінеді. Бақыт деген не? Рақат па? Байлық па? Сый-құрмет пе? Денсаулық па? Білім бе? Осы анықтамалардың әрқайсысы түрлі жағдайларда және әр адам үшін бақыттың не екенін айқындай түседі. Адам биік игілікті ләззаттан, байлықтан, сый-құрметтен де таппайды. Өйткені мұндай жағдайда ол өзгелерге, яғни саясатқа тәуелді. Тіпті бақытты денсаулықтың өзімен ғана өлшеуге келмейді. Аристотель үшін бақыт дегеніміз – парасатты өмір. Биік игіліктің осы бір формасын ол X кітапта егжей-тегжейлі зерттейді. Осылайша I кітап платондық Игілік идеясын жалпы ұғым тұрғысынан қарастырумен шектеледі. Бұдан біздің өміріміздің мақсаты Игілік екенін тұжырымдауымызға болады. Әйтсе де бұл саланы зерттеу үшін тәуекелге бел байлау қиындау, өйткені Идеялар туралы ілімді достық қалыптастырған болатын. Достық ақиқатқа жол беруге тиіс. «Платон мен үшін қымбат жан, ал ақиқат одан да қымбат», – дейді Аристотель.

Игілік түрлі жағдайға байланысты формасын өзгертеді: уақытқа қатысты – бұл сәті түскен кез; санға қатысты – ол сенімді өлшем және т.б. Сондықтан Аристотельдің Игілік ұғымы Платон ұсынған Идея түсінігіне мүлдем кереғар келеді. Осы тұста Платонның мұндай «сатқындыққа» қалай жауап қайтарғанына тоқтала кеткеніміз де жөн болар. Лаэрттік Диогеннің сөзінше, «Платон осыған байланысты: «Енесін тепкен құлын сияқты, Аристотель де маған мінез көрсетті» деген екен».

Аристотель қуат ұғымын енгізуді ұсынады. Игілік әр алуан болғандықтан, ғылымның нысаны бола алмайды. Ал кез келген игілік мақсат болса, онда адамның қалаған негізгі тілек-мақсатын жақсы нәрсеге талпыныс деп санауға болады. Кәсібіне шынайы берілген шебер іспеттес адам да қолөнерді құлпыртып істеу арқылы өз бақытын табады деп айта аламыз.

Бақыт дегеніміз – қуат (energia), қозғалыс, қарекет, жүзеге асыру күшіне, жанның ақылына (Логосқа) жүгіне отырып, өмірінің соңына дейін ізгілікті іске асыру қызметі.

## Аристотель

Кемелдік – адамның сәттіліктер мен сәтсіздіктердегі үлесін өлшейтін, өмірдегі мақсатын іс жүзінде жүзеге асыруы, дүниедегі өз болмысын қалыптастыру тәсілі.

## Ізгілік дегеніміз не?

II кітапта ізгілік ұғымына анықтама беріледі. Ізгілік – адамның әдетке айналдырған ішкі адамгершілік әлемінің кемелдігі. Иррационалды жанның ең жоғары бөлігі құмарлыққа толы, әйтсе де ол ақылға жеңдіргенде өзінің шарықтау шегіне жетеді. Саналы тілектің осы кемелдігі, яғни ізгі қасиет біздің әртүрлі жағдайларға бейімделуге қабілеттілігімізден көрініс табады. Аристотельдің пайымдауынша «іс-әрекет пен пайда саласында тұрақты ешнәрсе жоқ». Сондықтан шектен шықпай және кемшіліктерді де болдырмай тепе-теңдікті сақтауға бар күшімізді салуға тиіспіз.

## Тең орта теориясы

III кітапта тең ортаны іздеп табу тәсілі, дәлірек айтсақ, өнері туралы айтылады. Әркімнің өзінің өзекті ұстанымы болады, яғни біздің дұрыс пайымдауымызға негізделген, өзімізге тәуелді іс-әрекетті ерікті таңдауымызды қайырымдылық дейміз. Қайырымдылық ақылды адамның өз өмірінің өлшеміне айналдырған практикалық даналықтан туындайды. Қайырымдылықтың мақсаты тең ортаға қол жеткізу болғанымен, оның өзі де – кемелденудің биік шыңы. Содан



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

кейін Аристотель батылдық пен ұстамдылық сияқты қайырымдылықтың нақты түрлері жайлы ой қозғайды. Батылдық – қорқақтық пен жанкештіліктің тең ортасы. Ал ұстамдылық – рақаттанудың өзегі. Аристотельдің пікірінше, адам әрқашан тең ортаны ұстануға талпынуы тиіс.

## Жеке ізгіліктер

IV кітапта жомарттық, көркемдік, бекзаттық, даңққұмарлық, биязылық, сыпайылық, шыншылдық, ұстамдылық сияқты жеке игіліктер талқыланған. Мысалы, жомарттық, яғни пұл жарату мәселесіндегі қайырымдылық «ысырапшылдық пен сараңдықтың тең ортасында» болуы тиіс. Ауқаттылардың ұлы қасиеті – дүние-мүлікті жұмсаудың шегін білуі. Басқаша айтқанда, сараңдық пен даңғазалықтың арасында тең ортаны ұстануы. Бұл – жиған абырой-беделді сақтау үшін шама-шарқыңды білу өнері. Бекзаттық – менмендік пен жасықтықтың арасында болады. Бекзат адам өзін әділ бағалайды. Ол өзінің абырой мен намыссыздықтың тең ортасында тұрғанын жақсы біліп, соған сәйкес қарекет етеді.

## Әділеттілік

Аристотельдің V кітабының соңында әділеттілік қасиетінің саналуандығы талқыланады. Аристотель әділеттілік пен әділетсіздіктің екі формасын ажыратып көрсетеді:

Әмбебап әділеттілік немесе мойындалған әділеттілік – біздің басқалармен қарым-қатынасымыздағы қасиет, заңға мойынсұну екені сөзсіз. Әрине, мұндай жағдайда заң дұрыс құрылуы тиіс. Бұл – әділеттілік қасиеттің саяси формасы;

Жеке әділеттілік, қауымдастық мүшелері арасындағы сый-құрмет, мүлік айырбастау мен бөлісуге қатысты. Бұл – қауымдастық мүшелері арасындағы олардың әрқайсысының мәртебесіне қарай пропорционалдық теңдікті тиісінше орнықтырып отыратын әділеттілік. Жеке келісімшарттар барысында туындайтын осындай әділеттіліктің арқасында теңсіздік жойылады. Бұл адамдар теңдігінің арифметикалық принципіне негізделген. Адамдар құндылықты үлестіру барысындағы тепе-теңдікті анықтайды. Әділетті мүлік айырбасы оның нарықтық құн бағасына байланысты қалыптасуы мүмкін.

Әділеттілік – кез келген жағдайдың тең ортасы, ал әділетсіздік – артық қамту, не болмаса, жетпей қалу. Бірі өте көп, екіншісі өте аз алады, – дейді Аристотель.

Әділеттіліктің бұл түрдегі омонимиясы қандай да бір мағынасында позитивті заңдылыққа байланысты болады. Алайда бұл заңдылық әділеттілік ұғымының «метафоралық» баламасы саналмайды. Әдетте, қожайынның құлға, әкесінің ұлына, ерінің әйеліне қатысты әділеттігі туралы жиі айтылады. Қарапайым мағынасында, «заңмен реттелген өзара қарым-қатынас кімдерге тиесілі болса, тек сол адамдардың арасында ғана шынайы әділеттілік болуы мүмкін». Аристотель «саяси әділеттілік» пен «табиғи әділеттілікті» софистердің мәнеріне салып бір-біріне қарсы қоюға бармайды. Шындығында, саяси әділеттілікті орнату бәрінен де күрделі, өйткені ол төтенше жағдайларда заңның жалпыға міндетті ережелерін өзгертуді көздейді.

## Интеллектуалды ізгіліктер

VI кітап интеллектуалды ізгіліктерге арналған. Аристотельдің түсіндіруінше, бұл – өте ерекше сала. Дегенмен негізгі ұстаным сол бұрынғы қалпында: «шектен де шықпай, кем де қалмай, ортасын таңдаған жөн. Ортасы әрқашан қалыпты тәртіптің арнасынан шықпайды».

Интеллектуалды ізгіліктердің мәні – құмарлық пен ақылдың, жанның рационалды және иррационалды бөліктерін дұрыс үйлестіре білуде. Жанның интеллектуалды бөлігі – ақиқаттың алтын ұясы. Бұдан әрі Аристотель интеллектуалды ізгіліктерді тізіп шығады: ғылым, өнерді үйрену, саналылық, пайымдаушы ақылды меңгеру, теориялық даналық, яғни іс жүзінде



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

қолданылмайтын өзіндік және өзіне арналған даналық. Соңында Аристотель саналылық пен саясат өнерін байыптауға көшеді. Аристотель саналылықты – интуиция, дұрысы, болжалсыз жағдайларды түйсіну қабілеті ретінде көрсетеді. Осыдан кейін философ суық ақыл, зейінділік, парасаттылық сияқты екінші деңгейлі қасиеттер туралы айтады. Содан соң интеллектуалды ізгіліктердің өзара және саналылықпен байланысын зерттейді. Саналылық дегеніміз – тәжірибелік даналық.

VI кітап теориялық және тәжірибелік даналықтар арасындағы байланысты талдаумен аяқталады: «Бүгін қайырымдылықты оған тән қасиеттер мен нысандарды көрсете отырып анықтағанда, оның қалыпты тәртіпке сәйкес келуі керектігін баса айтады, ал қалыпты тәртіпке бойұсынса, оның сөзсіз саналы болғаны», – деп тұжырымдайды ойшыл.

## Рақат

Аристотельдің VII кітабында әдепсіздік, қатыгездік, өзін-өзі ұстай алмау, сабырсыздық сияқты адам мінез-құлқының теріс жақтары қарастырылады. Практикалық силлогизмнің алғышарттарының бірі саналатын сабырсыздық адамның құмарлықтың әсерінен естен адасып, бәрін жадынан шығаруына байланысты: ұстамсыз адам игіліктің неден тұратынын білсе де, нақты жағдайда сол білім-білігін орнымен пайдаланбайды. Оның парасатты адамнан кемшілігі де осында. Аристотельдің рақат теориясы дегеніміз не? «Никомах этикасында» философ қанағатшылдық өмір мен рақаттың аражігін ашып көрсетеді. Оның рақат теориясы VII және X кітаптарында қамтылады. VII кітабында Аристотель рақатты даттағандардың пікірімен келіспейді.

Рақат – жақсы да емес, жаман да емес. Шын мәнінде, ол – бір қалыптағы күй де емес, ол – іс-әрекет, энергия, – деді Аристотель. Ұнамды іс-әрекет – кез келген өмірдің мақсаты. Сондықтан да рақаттану жоғары игілікке жетуге кедергі келтірмейді. Таза іс-әрекет саналатын тәңірлік рақатқа қатысты айтар болсақ, ол мәңгі-бақи жалғасады. Философтың бұл сараптамасы X кітабында тереңрек қарастырылады. Аристотель рақатты – genesis емес, energia деп тұжырымдайды. Бұл жерде философ талдауының мәні мынада, ол – процестің өзінен рақат алу: энергияның кейбір формалары қозғалыс барысында жүзеге асады. Мәселен, үй белгілі бір уақыт аралығында салынады, ал сезім дереу рақатқа бөлейді. Былайша айтқанда, біртұтас, бөлінбейтін және аяқталған құбылыс – «рақат – іс-әрекеттің аяқталуы». Бұл – кемелдікті сезіну.

## Достық

VIII және IX кітаптар достық тақырыбына арналған. Осы бір игі қасиет – бірлесіп өмір сүрудің басты шарты. Өйткені ешбір жан қаншалықты аста-төк игілікке ие бола тұрса да, дос-жарансыз өмірді ешқашан қаламайды. Достық көңіл көтеруге, мүдделестікке, болмаса ортақ игілікке негізделуі мүмкін. Кез келген игілік сияқты достық – бірдей моральдық қасиеттерге ие достардың бірлесіп өмір сүруінде жүзеге асатын және сол арқылы өзінің биігіне көтерілетін тұрлаулы қарым-қатынас. Құдайдың адамнан артықшылығы шексіз. Сондықтан олардың арасында достықтың болуы мүмкін емес. Достықтың негізі неде? Өзін жақсы көрген адам өзіне дос. Бұл – адамның өз бойындағы бар жақсы қасиеттерді сүюі мен жетілдіруден тұратын өзімшілдіктің жағымды формасы. Жақсы адам жүрегінің түкпірінде өзімшіл болуы керек, өйткені өзгені жақсы көру – әуелі өзіңді жақсы көруден басталады. Егер Игілікке ұмтылған барлық азаматтар өздерін жақсы көрсе, бұдан қоғам да, қала да зор пайдаға кенелген болар еді. Бірлесіп өмір сүруді қажет етпейтін игі ниеттестік – достықтың саяси формалары – «енжар достық» пен әншейін келісім ғана, одан басқа ештеңе де емес. Өзгеге игі ниетте болу – оған достық сезімді білдіру деген сөз. Суретшінің бейнеттеніп салған суретін жақсы көргені сияқты, жарылқаушы да жақсылық жасаған адамын жақсы көреді. Бұл – оның энергиясының, осы әлемдегі өмір салтының, өзін-өзі айқындауының айғағы. Сондықтан досы бар адам – әлемдегі ең бақытты жан. Достарымен нығметтерді бөлісу арқылы адам өз мүмкіндігін ашып



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

көрсетуге, яғни толыққанды, мағыналы өмір сүруге мүмкіндік алады. Данышпан да пікірлес жандарға мұқтаж. Данышпандардың әрқайсысы өмірдің көпке ортақ қуанышына өз үлестерін қосатындықтан да, олардың арасындағы достық – достықтың кемел шыңы. Достарымен бірге өмір кешу арқылы ғана өз болмысыңның қуанышын терең сезінуге болады. Бұл сезім адамға ғана тән, өйткені Жаратушы оған мұқтаж емес.

### Бақыт мәселесі

«Никомах этикасының» соңғы X кітабы бақыт мәселесіне арналған. Бақыт дегеніміз – негізінен, байыптау, «біздегі ең құдіретті күштің» әрекеті. Бұл байыптау философқа өзінің мәңгілікке із қалдыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бірақ бақыт тек дерексіз ұғым ғана емес. Ол қолайлы жағдайлардың болуын, пікірлес адамдардың өзара түсіністікте өмір сүруін талап етеді. Байыптауға қарағанда төменгі деңгейде бақыт өз ортасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынаста болуды да білдіреді. Сондықтан да этика «саяси» қатынастарды да ұғынудың тәсілі бола алады. Қоғамда дұрыс өмір сүру үшін адам өз бойында ізгілікке деген сүйіспеншілікті де тәрбиелеуі тиіс. Адамды ізгілікке тәрбиелеу – саяси мәселе. Қоғамдағы дұрыс заңдар үлгілі тәлім-тәрбиенің берілуін қамтамасыз етіп, адамның ізгілік дағдысы мен мінез-құлқын қалыптастырып, дамытуы керек. Мұндай заңдарды жазу үшін тәжірибені сыни пікірлердің елегінен өткізіп отырған жөн. «Никомах этикасы» осындай тұжырымдармен аяқталады. Әрі қарай автор ізгілік туралы пайымдаудан саяси мәселелерге қарай ойысады. Осылайша, Аристотельдің «Этикасы» оның практикалық ғылымдардың біріне арналған тағы бір маңызды шығармасы «Саясатпен» үндесіп жатыр.

### Аристотельдің мораль туралы көзқарасы

«Никомах этикасы» – Аристотельдің мораль мәселелеріне қатысты көзқарастарын анық көрсететін шығарма. Платон әлемді болмыстың шындығын анықтайтын Идеялар түрінде елестетті.

Данышпан кездейсоқ көлеңкелерден бойын аулақ салу арқылы ғана Идеяларға жақындай алуы мүмкін. Ұстазы Платонға қарағанда, Аристотель даналықты өмірде кездесетін нақты жағдайлардан туындайтын ұстамды пайым деп ұғады. Сонымен бірге шектен шығып кету, болмаса кемшін қалу қаупі бар. Сондықтан тең ортаны ұстану үшін адам қоршаған ортасымен қатынасын дамытып отыруы тиіс. Демек, кез келген этикалық ізгілік дегеніміз – дұрыс ой-пікірмен анықталатын, әр нақты жағдайдағы және әр адамға тән өзіндік темірқазық бағдары. Аристотельдің моралі дәл қазіргі және осы жердегі жағдайдың логикасына қарай анықталады. Саналылық нақты жағдайлармен Платондағы сияқты алдын ала емес, олар туындаған кезде ғана күреседі. Жалпы Игілік деген ұғым жоқ, нақты игілік қана бар.

### Ерік мәселесі

Аристотель еріктің өзіндік теориясын қалыптастырды. Адамның игі не әдепсіз іс-әрекеті қажеттіліктен де, кездейсоқтықтан да емес, оның еркін таңдауына сәйкес жасалады. Адам – өз ісінің қожасы, әміршісі. Демек, ол өзінің әр ісіне жауапты. Адамның істемеуіне де болатын, дегенмен өздігінен және саналы түрде белгілі бір іске баруын – еріктілік дейміз.

### Тәжірибе теориясы

Бұл теорияны «Саясаттан» табуға болады. Аристотельдің осы еңбегі тұтас шығарманың рухын жеткізіп тұрған өлшем, мүмкіндік, тиістілік деген үш сөзбен аяқталады. Дұрыс өлшем





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

– тәжірибелік ғылымдардағы, яғни мораль, саясаттағы ең басты дүние. Бұл өлшем – орта шама емес. Ол – тек ақылдың пайымдауымен ғана анықтауға болатын шырқау биіктегі ұғым. Платоннан өзгешелігі – Аристотель тәжірибені ғылыми білімнен шығару мүмкін емес дейді және оны ғылымның салдары емес, өзіндік рационалдыққа ие сала ретінде көрсетеді. Ал моральдық немесе саяси тәжірибенің рационалдығы – белгілі бір деңгейде іс-әрекетке қозғау болатын, бірақ қажеттілік саналмайтын себептерді басқарудың тәсілі. Моральдық немесе саяси практиканың мақсаты – рационалдық емес, ақылға сыйымдылық.

## Игілікке талпыну

Адам «мүмкіндігінше өзін мәңгілік етуге талпынуы тиіс». Қазіргі кезде бұл үндеу көзсіз қаһармандық болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл жерде, шын мәнінде, белгіленген шектеулерді аттап өту меңзеліп отырған жоқ. Гректер ондай қылықты айыптаған. Әңгіме асыра сілтеу туралы да емес. Бұл үндеу – мұратқа талпыну турасында. Адам табиғаты мәңгілік емес. Бір күні сын сағаты соқпақ. Адам үшін мәңгілік – ұлы мұратқа, яғни ешқашан да қол жетпес өзіндік зат болып қала беретін құдіретті бейнеге біртіндеп және мақсатты түрде ұқсап бағудан басқа ештеңе де емес. «Никомах этикасында» да, «Евдем этикасында» да Аристотель парасатты өмір арқылы ғана жақындауға болатын осы ұлы мұратты егжей-тегжейлі сипаттамайды. Ол бізге адамның осы ұлы мұратқа жақындауы үшін күш салуы тиіс дүниелерді ғана көрсетеді. Бұл тұста Аристотель адамның табиғатын түсінуге сүйенеді. Бақытқа талпыну – кез келген іс-әрекеттің қозғаушысы. Адамдар бұл игілікті бақыт деп атайды. Бақытқа талпыну адамның табиғатына тән. Қозғалыс қабілеті берілген пенденің бұл талпынысы ешқашан да соңына дейін жүзеге аспайды. Өйткені адам осы игілікке қол жеткізсе, онда ол қозғалуын да тоқтатады, демек, адам болудан да қалады. Шын мәнінде, адам нақ осы қозғалыста ғана дамиды. Бақытқа талпыну – адамның өмірлік мақсаты.

## Ерікті тәрбиелеу

Өзге тіршілік иелеріне қарағанда, адам болмысы саналылыққа негізделгендіктен, оның іс-әрекеті де болжап болмайтын тосын жағдайлар мен кездейсоқтыққа толы. Мақсат биік болған сайын, оған қол жеткізу де барынша қиындай береді. Сондықтан да әуелі адамның еркін тәрбиелеген жөн. Игілікті іс істеу үшін бір ғана түзу ниеттің болуы жеткіліксіз. Оған қоса habitus, яғни жүре келе бойға сіңген әдет, қабілет болуы тиіс. Г. Ле Бон өзінің «Тәрбие психологиясында» тәрбиені «саналылықтың бейсаналылыққа ауысуы» деп сипаттайды. Аристотельде де осыған ұқсас ой кездеседі. «Никомах этикасының» авторы игілікті жақсы әдетке теңейді. Пьер Обенк атап өткеніндей: «...қайырымдылық өзінің салыстырмалы тұрақтылығының арқасында бастапқыдағы кемшіліктерінің орнын толтыратын, осылайша оны жүзеге асыруға жәрдемдесетін екінші болмысты білдіреді. Теофрастың жүзім көшетін күтіп баптауы оған нағыз табиғи, яғни ең тамаша жемістер береді деп түсіндіргені тәрізді. Адамгершілік және интеллектуалды ізгіліктердің арасынан саналылықты ерекше орынға қою керек. Ол – астамшылық пен енжарлықтың біріне де соқтықпай, адамның қалауы мен мүмкіндігін үйлестіре алатын, тең ортаны жазбай танытын ізгі ниеттің қасиеті»

## Мақсаттар иерархиясы

«Никомах этикасын» қысқаша баяндауымызда Аристотельдің адам тіршілігінің негізгі мақсаттарының иерархиясын жасағанын байқадық. Бәрінен де биік тұрғаны – философия. Сонан соң – саясат. Алайда философ өз пікірін кесіп айтпайды. Ол әлі де ой үстінде. Өйткені осы екі идеалдың арасында ешқандай қарама-қайшылық жоқ. Екеуінде де адамның табиғи қасиеттері өмірге араласады. Әрине, философияда адам өз табиғатының рухани асқақ



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 2. Аристотель б.д.д. 384–322 жылдары

болмысын жүзеге асырады. Бірақ саясат та маңызды. Оның арқасында өзгелермен қарым-қатынастың өнегелі үлгісін құруға болады. Саясаттың көздегені – әділет. Ал әділет – игі мақсат. Кейбір адамдар саясат арқылы ғана ақиқатты табу жолына толығымен түспек. Аристотельдің айтпақ болған ойын осы тұрғыдан пайымдауымызға болады. Оның байыптауынша, қоғамда құлдықтың болуы – табиғи заңдылық. Өйткені ой еңбегімен шұғылданатын философтардың болғаны сияқты, қоғамға материалдық өндіріспен айналысатын адамдар да қажет.

Аристотельдің «Саясат» трактатының төрт тарауы осы мәселеге арналған. Сөйтіп, мақсаттар иерархиясы адамның еңбекке қатынасына қарай әлеуметтік бөлінушілікті жоққа шығармайды. Мораль қоғамда адамның алатын орнына сәйкес қатаң реттелуі тиіс. Аристотельдің пайымдауынша, адам – саяси тіршілік иесі. Осы түсінік бойынша жануарлардан, болмаса құдайлардан айырмашылығы – адам деген атқа ие болу үшін, ең алдымен, азамат болуы керек екені. Дегенмен ежелгі грек қоғамында қала өміріне қатысуға нақты құқығы бар адамдардың саны өте аз болғаны белгілі.

Қорытындылай келгенде, «Никомах этикасында» моральдың айрықша теориялық ұстанымы ретінде – тең орта теориясының ұсынылғанын атап көрсеткіміз келеді. Адамшылықтың осы бір мәнді тұжырымдамасы кейінгі дәуірлерде өте танымал болды. Бұл ілімді көптеген философтар кеңінен пайдаланды. Солардың бірі – орта ғасырлардағы христиан ой-дүниесінің аса көрнекті өкілі, схоластикалық философияның биік шыңы саналған Акуинолық Томас Аристотель ілімінің негізінде өзінің мораль философиясын қалыптастырды. Акуинолық Әулие Томас мұрасы христиан философиясының XX ғасырдың басына дейінгі дамуын айтарлықтай дәрежеде биікке шығарды.